

Банкті ашуға рұқсат беру, сондай-ақ банктер бағалы қағаздар рыногында жүзеге асыратын қызметті, банктік және өзге операцияларды лицензиялау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 сәуірдегі N 121 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 4 маусымдағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4718 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 36 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген Банкті ашуға рұқсат беру, сондай-ақ банктер бағалы қағаздар рыногында жүзеге асыратын қызметті, банктік және өзге операцияларды лицензиялау ережесі бекітілсін.

2. Агенттік Басқармасының "Банкті ашуға рұқсат беру, сондай-ақ банктер жүзеге асыратын банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензияны беру, тоқтата тұру және қайтарып алу ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 9 қаулысының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4038 тіркелген).

3. Осы қаулы "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңы қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Лицензиялау басқармасы (Ә.Ж. Нәжімеденова):

1) Заң департаментімен (М.Б. Байсынов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің

мүдделі бөлімшелеріне, банктерге және "Қазақстан Қаржыгерлер қауымдастығы" Заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

5. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л. Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

Келісілді
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банк Төрағасы

(қолы, күні,

елтаңбалық мөр)

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен
қадағалау агенттігі
Басқармасының 2007 жылғы
30 сәуірдегі N 121
қаулысымен бекітілді

Банкті ашуға рұқсат беру, сондай-ақ банктер бағалы қағаздар рыногында жүзеге асыратын қызметті, банктік және өзге операцияларды лицензиялау ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Банкті ашуға рұқсат беру, сондай-ақ банктер бағалы қағаздар рыногында жүзеге асыратын қызметті, банктік және өзге операцияларды лицензиялау ережесі (бұдан әрі – Ереже) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы (бұдан әрі – Банктер туралы заң), "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) банкті ашуға рұқсат беру

тәртібін, сондай-ақ банктің банктік және өзге операцияларды жүргізуіне және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруына лицензия беру, оны беруден бас тарту, банктің банктік және өзге операцияларды жүргізуіне және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруына берілген лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру және тоқтату тәртібін және талаптарын айқындайды.

Ереже ислам банктеріне де қолданылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 109 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.

2. Алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2-тарау. Банкті ашуға рұқсат беру тәртібі

3. Банкті ашуға рұқсат алу үшін банктің құрылтайшылары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – уәкілетті орган) Банктер туралы заңның 19-бабында көзделген құжаттарды ұсынады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 109 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.

4. Құрылтайшылар жөніндегі мәліметтер мыналарды қамтиды:

1) құрылтайшылар-жеке тұлғалар үшін – Ережеге 1-қосымшаға сәйкес құрылтайшы-жеке тұлға туралы мәліметтер, сондай-ақ құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есептерді жүргізу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган берген осы тұлғада заңнамамен белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығының жоқтығын растайтын құжатты қоса бере отырып, Банктер туралы заңның 24-бабы 1-тармағының г-1) тармақшасы екінші абзацының талаптарын орындағаны туралы ақпарат (аталған құжатты беру күні өтінішті берген күннің алдындағы үш айдан аспайтын мерзімді құрайды).

Банктер туралы заңның 24-бабы 1-тармағының г-1) тармақшасы екінші абзацының талаптарын растау мақсатында шетел азаматтары (азаматтығы жоқ тұлғалар) үшін олардың азаматтығы елінің (азаматтығы жоқ тұлғалар үшін - олардың тұрақты тұратын елінің) мемлекеттік органы берген тиісті құжатты қосымша береді;

2) құрылтайшылар - заңды тұлғалар үшін:

Ережеге 2-қосымшаға сәйкес құрылтайшы-заңды тұлға туралы мәліметтер, оларға заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе анықтама және құрылтай құжаттарының (жарғының, құрылтай шартының) нотариалды куәландырылған көшірмелері қоса беріледі;

Банктер туралы заңның 19-бабының 4-тармағында белгіленген талаптардың орындалуын растайтын ақпарат;

құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есептерді жүргізу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган берген құрылтайшы - заңды тұлғаның атқарушы органының немесе басқару органының бірінші басшысында заңда белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынбаған соттылығының жоқтығын растайтын құжатты қоса бере отырып, Банктер туралы заңның 24-бабы 1-тармағының г-1) тармақшасы екінші абзацының талаптарын орындау туралы ақпарат (аталған құжатты беру күні өтінішті берген күннің алдындағы үш айдан аспайтын мерзімді құрайды).

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 26.04.2013 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.12.2015 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

5. Банктің басшы қызметкерлері лауазымына кандидаттар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7561 тіркелген "Қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидаларын және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 95 қаулысында белгіленген нысан бойынша жасалады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Құрылтайшылар банктерді Қазақстан Республикасының резидент еместерінің қатысуымен құрған кезде Банктер туралы Заңның 19-бабында белгіленген құжаттар тізбесіне қосымша Банктер туралы Заңның 21-бабында көзделген құжаттарды ұсынады.

7. Банк жарғысының барлық даналарының титулдық бетінде жоғарғы оң жақ бұрышында мынадай тұжырым болуы тиіс: "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісілді. Төраға (Төрағаның орынбасары) _____

Осы құжаттар уәкілетті органның мөрімен бекітіледі."

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 16.07.2014 № 109 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулыларымен.

8. Банкті ашуға рұқсат беру туралы өтініш осы Ереженің 3-қосымшасымен белгіленген нысан бойынша құрылтайшылармен беріледі және оны уәкілетті орган өтініш берушінің уәкілетті органмен сұратылған соңғы қосымша ақпаратты немесе құжатты ұсынған күннен бастап үш ай ішінде, бірақ өтініш қабылданған күннен бастап, алты айдан астам емес уақыт ішінде қарайды.

Талап етілетін құжаттар қоса беріле отырып, өтініш қағаз тасымалдағышта не "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық түрде ұсынылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2014 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Банкті ашуға рұқсат осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша беріледі.

Уәкілетті орган өтініш берушіні қабылдаған шешім туралы жазбаша хабардар етеді. Хабарлама банкті ашуға рұқсат беру туралы өтініште көрсетілген мекен-жай бойынша жіберіледі.

10. Банкті ашуға рұқсат беруден бас тарту Банктер туралы Заңның 24-бабында көрсетілген негіздер бойынша жасалады.

Банкті ашуға берілген рұқсат Банктер туралы Заңның 49-бабында көрсетілген негіздемелер бойынша қайтарылып алынады.

11. Ескерту. 11-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3-тарау. Банкті лицензиялаудың жалпы шарттары

12. Уәкілетті орган банкке осы Ереженің 5-қосымшасымен белгіленген нысан бойынша, банктер жүзеге асыратын банктік және өзге операцияларды жүргізуге лицензияны береді.

12-1. Уәкілетті орган ислам банкіне осы Ереженің 5-1-қосымшасымен белгіленген нысан бойынша, ислам банкінің банктік және өзге операцияларды жүргізуге лицензияны береді.

Ескерту. 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.03.27. N 53 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

13. Уәкілетті орган банкке осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыруға, банктік және өзге операцияларды жүргізуге лицензияны береді.

13-1. Уәкілетті орган ислам банкіне осы Ереженің 6-1-қосымшасымен белгіленген нысан бойынша бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға және ислам банкінің банктік және өзге операцияларды жүргізуге лицензияны береді.

Ескерту. 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.03.27. N 53 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

14. Банкке банктік және өзге операцияларды жүргізуге лицензияны беруден бас тарту Банктер туралы заңның 27-бабымен, Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның 32 және 36-бабымен көзделген негіздемелер бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 109 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.

15. Банкке бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру үшін лицензияны беруден бас тарту Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның 32 және 36-баптарымен көзделген негіздемелер бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 109 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.

16. Банк лицензиясын қайта рәсімдеу Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңмен көзделген негіздемелер және тәртіп бойынша жүргізіледі.

Лицензиялауды қайта рәсімдеу банк осы Ереженің 6-2 және 6-3-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша лицензияны қайта рәсімдеу туралы өтінішпен уәкілетті органға өтініш береді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 109 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.

17. Уәкілетті орган лицензиясы жоғалған, бүлінген жағдайда банктің жазбаша өтінішін алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жаңа нөмірді беру және лицензияның жоғарғы оң жақ бұрышында "Телнұсқа" деген жазу арқылы лицензияның телнұсқасын береді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4-тарау. Банкке банктік және өзге операцияларды жүргізуге лицензияны беру тәртібі және шарттары

18. Жаңадан құрылған банк уәкілетті органға депозиттерді қабылдау, жеке тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу операцияларын қоспағанда (осы ерекшелік жаңадан құрылған еншілес банкке қолданылмайды), Банктер туралы

заңның 26-бабы 2-тармағының 3), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11) тармақшаларында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, Ереженің 7, 7-1-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтінішін береді.

Жаңадан құрылған ислам банкі ислам банкінің банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтінішіне қосымша исламдық қаржыландыру қағидаттары бойынша кеңесті тағайындау туралы акционерлердің жалпы жиналысының шешімін қоса береді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

18-1. Депозиттерді қабылдау, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу бойынша операцияларды жүзеге асыруға лицензия алудың шарты болып жаңадан құрылған банк осы Ереженің 18-тармағына сәйкес банк операцияларын жүргізуге лицензия алған күннен бастап банктің бір күнтізбелік жыл ішінде қызмет етуі табылады.

Осы тармақтың талаптары жаңадан құрылған еншілес банктерге таралмайды.

Ескерту. 18-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің 2008.06.30. N 99 Қаулысымен.

19. Банк банк операцияларының қосымша түрлерін жүргізуге лицензия алу үшін Банктер туралы заңның 26-бабы 2-1-тармағының талаптарын орындаған кезде лицензия беру туралы өтінішпен бір уақытта мыналарды:

1) банк операцияларының қосымша түрлерін жүргізудің жалпы шарттарын айқындайтын құжаттарды;

2) лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжатты (төлем тапсырмасын) ұсынады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

20. Уәкілетті орган банкке банктік және өзге операциялардың қосымша түрлеріне, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығындағы қызметтің шағын түрлеріне лицензия беру туралы шешім қабылдаған жағдайда, банкке банктік және өзге операциялардың қосымша түрлерін, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығындағы қызметтің шағын түрлерін енгізумен қатар жаңа лицензия беріледі. Банктің бұрынғы лицензиясы уәкілетті органға қайтарылуға жатады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5-тарау. Банкке бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыру үшін лицензияны беру тәртібі және шарттары

21. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

22. Банк үшін бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия алудың талаптары мыналар болып табылады:

1) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган және уәкілетті орган банктер үшін белгілеген пруденциалдық нормативтерді, сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алуға өтініш берген күннің алдындағы қатарынан күнтізбелік алты айдан кем емес кезең ішінде сақтауы;

2) бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алуға өтініш берген күннің алдындағы қатарынан алты айдан кем емес кезең ішінде қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның және уәкілетті органның банкке қолданған санкцияларының болмауы.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

23. Бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар банк үшін бағалы қағаздар нарығындағы қызметтің қосымша шағын түрін жүзеге асыруға лицензия алудың талаптары мыналар болып табылады:

1) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган банктер үшін белгілеген пруденциалдық нормативтерді, сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алуға өтініш берген күннің алдындағы қатарынан күнтізбелік алты айдан кем емес кезең ішінде сақтауы;

2) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін белгілеген пруденциалдық нормативтерді лицензия беру туралы өтініш берген күннің алдындағы қатарынан күнтізбелік алты айдан кем емес кезең ішінде сақтауы және лицензия алуға өтініш берген

күннің алдындағы қатарынан үш ай ішінде банкке қатысты санкциялардың болмауы.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

24. Бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін банк уәкілетті органға ұсынады:

1) осы Ереженің 8, 8-1-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша лицензияны беру туралы өтініш;

2) лицензияны беруге лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжат;

3) директорлар кеңесі бекіткен және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңының 48-бабының 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мәліметтері бар алдағы үш жылға жасалған бизнес-жоспар ;

4) бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыруға қатысатын банк филиалдарының тізімі (осындайлар болған кезде);

5) банктің қызметкерлерінің фамилиясын, атын және болса, әкесінің атын, атқарып отырған лауазымдарын көрсете отырып, штаттық кестесінің көшірмесі;

6) бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыру бойынша міндет жүктелген құрылымдық бөлімшелер ("Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңының талаптарына сәйкес келетін) туралы ереже;

7) банкте программалық-техникалық құралдардың және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру үшін қажетті өзге жабдықтардың бар болғандығын растайтын мына құжаттардың көшірмесі:

жабдықтарды жеткізуге шарттың;

жабдықты қабылдау-өткізу актісінің;

лицензиялардың санын көрсетіп, программалық қамтамасыз етуді әзірлеуге және (немесе) жеткізуге шарттың;

программалық қамтамасыз етуді қабылдау-өткізу актісінің;

корғау мен қауіпсіздікті ұйымдастыру бойынша құжаттардың (ақпаратты резервтеу тәртібін сипаттау, деректерге қол жетімділікті бөлу механизмін сипаттау, қайта қалпына келтіру жоспары, ішкі бақылау механизмі).

Банк программалық өнімді дербес әзірлеген не өтініш берушіге программалық өнімді басқа тұлға ақысыз берген жағдайда, осы тармақтың екінші-бесінші абзацтарында көрсетілген құжаттар берілмейді.

Берілген құжаттарда сонымен қоса мына ақпарат көрсетіледі: қолданылып жүрген программалық қамтамасыз етудің, версияның атауы, лицензия бар болғандығы туралы мәліметтер.

Құжаттардың көшірмелері банктің бірінші басшысының қолымен және банк мөрінің таңбасымен расталады.

Ескерту. 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқарамасының 2008.11.28 N 182 , 2009.03.27. N 53 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

25. Кастодиандық қызметті жүзеге асыруға лицензияны алудың шарты уәкілетті органның сейфтік операцияларды жүзеге асыруға лицензиясының болуы болып табылады.

26. Банк осы Ереженің 22-25-тармақтарында көзделген шарттарды орындамаған жағдайда, уәкілетті орган лицензия алу үшін ұсынылған құжаттарды қарамастан қайтарады.

6. Банкке банктік және өзге операциялардың барлық және жекелеген түрлерін, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығындағы қызметтің барлық және жекелеген шағын түрлерін жүргізуге берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру не тоқтату

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

27. Банк лицензиясын тоқтата тұру не айыру Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерімен көзделген негіздемелер бойынша жүргізіледі.

28. Лицензияны тоқтата тұру не одан айыру туралы шешім банкке орындау үшін жіберіледі.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

29. Лицензиясы тоқтатылған банк ай сайын әрбір айдың оныншы күнінен кешіктірмей (лицензияның қолданысы жаңартылған не лицензия тоқтатылған мерзім аяқталған күнге дейін) уәкілетті органды анықталған жөнсіздіктерді жою бойынша банк жүргізген іс-шаралар туралы хабарлайды.

30. Банк уәкілетті органға банктік немесе өзге де операцияларды жүргізуге берілген лицензияның қолданылуын және (немесе) бағалы қағаздар нарығындағы

қызметті тоқтату және (немесе) лицензиядан операциялардың жекелеген түрлерін және (немесе) банк қызметінің шағын түрлерін алып тастау туралы ерікті түрде өтініш жасаған жағдайда, банк акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде операциялардың барлық түрлері және (немесе) қызметтің шағын түрлері (банк уәкілетті органға лицензияның қолданылуын тоқтату туралы ерікті түрде өтініш жасаған жағдайда) немесе алып тасталуға тиіс операцияның түрі және (немесе) қызметтің шағын түрі бойынша барлық міндеттемелер орындалғаннан кейін уәкілетті органға күнтізбелік отыз күн ішінде уәкілетті органға ерікті түрде өтініш жасауына байланысты лицензияның қолданылуын тоқтатуға және (немесе) лицензиядан операциялардың жекелеген түрлерін және (немесе) қызметтің шағын түрлерін алып тастауға өтініш береді.

Банктер туралы заңның 61-4-бабының 7-тармағында көзделген жағдайда, еншілес банк акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің негізінде активтер мен міндеттемелерді бірмезгілде беру туралы шартқа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде уәкілетті органға ерікті түрде өтініш жасауына байланысты банктік және өзге де операцияларды және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүргізуге лицензияның қолданылуын тоқтатуға уәкілетті органға өтініш жасайды.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 08.05.2015 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

30-1. Банк уәкілетті органға лицензияның қолданылуын тоқтату және (немесе) лицензиядан операциялардың жекелеген түрлерін және (немесе) қызметтің шағын түрлерін алып тастау жөнінде ерікті түрде өтініш жасағаны туралы ақпаратты уәкілетті органға өтініш берген күнге дейін күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.

Ескерту. 30-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 109 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

30-2. Банктің бірінші басшысы қол қойған уәкілетті органға ерікті түрде өтініш жасауына байланысты лицензияның қолданылуын тоқтату, лицензиядан операциялардың жекелеген түрлерін және (немесе) қызметтің шағын түрлерін алып тастау өтініші уәкілетті органға Ережеге 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы (операциялардың жекелеген түрлерін және (немесе) қызметтің шағын түрлерін алып тастау кезінде);

2) банк акционерлерінің жалпы жиналысының уәкілетті органға лицензияның қолданылуын тоқтату, лицензиядан операциялардың жекелеген түрлерін және (немесе) қызметтің шағын түрлерін алып тастау жөнінде ерікті түрде өтініш жасау туралы шешімі;

3) бас банк пен еншілес банк арасында жасалған, активтер мен міндеттемелерді бірізгіде беру туралы шарттың түпнұсқасы қоса берілетін, Банктер туралы заңның 61-4-бабының 7-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, операциялардың барлық түрлері және (немесе) қызметтің шағын түрлері (уәкілетті органға лицензияның қолданылуын тоқтату туралы ерікті түрде өтініш жасаған жағдайда) немесе алып тасталуға тиіс операцияның және (немесе) қызметтің шағын түрі бойынша міндеттемелердің және қолданыстағы шарттардың жоқтығы туралы банктің кепілдік-хаты;

4) өтініш жіберу күнінің алдындағы күнге жасалған бухгалтерлік баланс және оған түсіндірме жазба. Бухгалтерлік балансқа түсіндірме жазбада кредиторлық берешек сомасы мен олардың туындау негіздемелерін көрсете отырып, банктің кредиторлары (олар болған жағдайда) туралы ақпарат ашып көрсетіледі;

5) "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамының орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі жеке шотты және банктің жеке шотындағы барлық қосалқы шоттарды жабу туралы хаты немесе "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамының банктің атына ашылған жеке шотқа "жоғалған клиент" мәртебесін беру туралы ақпараты;

6) "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамының депозитарлық қызмет көрсету шартын, ағымдағы шот шартын және факсимильдік хабарламалар түрінде операциялық құжаттарды қабылдау мен беру туралы шартты (уәкілетті органға лицензияның қолданылуын тоқтату туралы ерікті түрде өтініш жасаған жағдайда) бұзу туралы хаты;

7) "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының алдында қызметтің барлық шағын түрлері (уәкілетті органға лицензияның қолданылуын тоқтату туралы ерікті түрде өтініш жасаған жағдайда) немесе лицензиядан алынуға тиіс қызметтің шағын түрі бойынша берешектің жоқ екені туралы "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының хаты.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) және 6) тармақшаларында көзделген құжаттар бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтату кезінде ұсынылады, осы тармақтың бірінші бөлігінің 7) тармақшасында көзделген құжат бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтату және (

немесе) лицензиядан трансфер-агент қызметін қоспағанда, бағалы қағаздар нарығындағы қызметтің жекелеген шағын түрін алып тастау кезінде ұсынылады.

